

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Өрел ауылынан оңтүстік-батысқа қарай атауы жоқ көлдің және атауы жоқ бұлақтың (оң жағалау), бастауларды ескере отырып Қарақоба өзенінің (оң жағалау) су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 14 наурыздағы № 75 қаулысы.
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 наурызда № 5788 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Өрел ауылынан 10,9 км оңтүстік-батысқа қарай № 05-071-027 есептік кварталда орналасқан Н.М. Игибаев сұрап отырған жер учаскесінде (мал жаюға) атауы жоқ көлдің және атауы жоқ бұлақтың (оң жағалау), бастауларды ескере отырып Қарақоба өзенінің (оң жағалау) су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Өрел ауылынан 10,9 км оңтүстік-батысқа қарай № 05-071-027 есептік кварталда орналасқан Н.М. Игибаев сұрап отырған жер учаскесінде (мал жаюға) атауы жоқ көлдің және атауы жоқ бұлақтың (оң жағалау), бастауларды ескере отырып Қарақоба өзенінің (оң жағалау) су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Катонқарағай ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен

жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының

әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысы

Д. Ахметов

Қ. Баймағамбетов

2019 жылғы "14" наурыз

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің

2019 жылғы "14" наурыздағы

№ 75 қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Өрел ауылынан 10,9 км оңтүстік-батысқа қарай № 05-071-027 есептік кварталда орналасқан Н.М. Игибаев сұрап отырған (мал жаюға) атауы жоқ көлдің және атауы жоқ бұлақтың (оң жағалау), бастауларды ескере отырып Қарақоба өзенінің (оң жағалау) су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7
Н.М. Игибаев сұрап отырған жер учаскесі тұстамасында бастауларды ескере отырып Қарақоба өзені (оң жағалау)	14,2	374,34	500	9,3	56,3	100
Н.М. Игибаев сұрап отырған жер учаскесі тұстамасында атауы жоқ бұлақ (оң жағалау)	14,2	374,34	500	6,1	28,7	100
Н.М. Игибаев сұрап отырған жер учаскесі тұстамасында атауы жоқ көл	14,2	374,34	500	1,6	11,8	100

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК